

5B012000 - КӘСІПТІК ОҚЫТУ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. 5B012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Оқу бағдарламасының мақсаты – кәсіптік оқыту мамандығы бойынша жалпы мәдени, кәсіби және пәндік құзыреттіліктері бар жоғары білікті әрі кәсіби ұтқыр сонымен қатар, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие педагог кадрларды даярлау, әрі келесі бағыттар бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыра алатын қабілетке ие болуы тиіс:

- техникалық және кәсіптік оқыту, технология саласында жүйеленген білімді қалыптастыруға;
- оқушы тұлғасының жан-жақты дамуын қалыптастыру және тәрбиелеуге;
- заманауи ғылыми деңгейде технология және кәсіптік-техникалық білім беру бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруға;
- педагогикалық зерттеулерді меңгеру және олардың нәтижелілігіне қол жеткізу;
- ғылыми-зерттеулер жүргізу оқу-тәрбие үдерісі мен шығармашылықтың тұтас элементі ретінде қарастыруға.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру мен тәрбиелеуге болашақ педагогты даярлау;
- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ педагогтың сапалы кәсіби дайындығын қамтамасыз ету;
- болашақ педагогтың ғылыми-педагогикалық және өндірістік-техникалық мәселелерін шешуге бағытталған жалпы мәдени, сонымен қоса кәсіптік және пәндік білімдер, біліктіліктер мен дағдылар жүйесін қалыптастыру;
- заманауи-ғылыми деңгейде технология және кәсіптік-техникалық білім беру бойынша педагогикалық процесті ұйымдастырудың жалпы тәсілдері туралы қолданбалы білімдерін игеруге болашақ педагогты даярлау;
- техника-технологиялық, рухани және интеллектуалды өзіндік даму жолдарын игеруге, психологиялық-педагогикалық сауатылығын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға болашақ педагогтарды даярлау.

2. 5B012000 – Кәсіптік білім мамандығы бойынша түлекте білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды талап етеді:

- жалпы мәдени;
- кәсіби;
- пәндік.

1. Жалпы мәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

1.1. Қазақстанның заманауи тарихы және оның экономикалық, жалпы саясатының дамуы, сонымен қоса елдің сыртқы саясаты туралы білімдерін кәсіби қызметінде пайдалана білу қабілеті;

1.2.білім беру саласында сыни ойлау мен білім берудегі негізгі теориялық ұстанымда сыни ойлауды дамыту теориясын меңгеру қабілеті;

1.3.ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізеді*, қазақ (орыс) тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игеру қабілеті*;

1.4.арнайы тексттерді түсіну мен қарым-қатынас жасау үшін шет тілін қолдану;

1.5.теориялық және эмпирикалық жалпығылыми зерттеу әдістерін қолдану, ғылыми білімді құрастыру және оған қол жеткізу әдістерін, ғылыми зерттеуді ұйымдастыру қағидаларын қолдана білу қабілеті;

1.6. әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлы және экономикалық ғылымдардың әдістері мен негізгі ережелерін қолдана білу қабілеті;

1.7. ақпараттарды жинау, өңдеу және сақтау құралдары мен әдістерін қолдану;

1.8. кәсіптік қызметте қоршаған орта жағдайын бақылау мен экологиялық мониторингті ұйымдастырудың басты ұстанымдары мен биосфера туралы білімді қолдана білу қабілеті;

1.9. кәсіби қызметте әлемдік классикалық әдебиет пен өнер, шешендік өнер бойынша білімін қолдана білу қабілеті;

1.10. тіршілік қауіпсіздігі негіздерін ескеру қабілеті;

1.11. әлеуметтік және кәсіби қызметті толық қамтамасыз ету үшін арттәрбиелеу және денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын қолдану мен қажетті физикалық даярлық деңгейін қалыптастыра білу қабілеті;

1.12. моральдық нормалар мен адамгершіліктік мінез құқық негіздері игеру;

1.13. компьютерлерде мен ауқымды компьютерлік желілерде жұмыс жасау дағдысын игеру.

2. Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.1. оқу-тәрбие үдерісін *құрылымдай алатын* және оны оқыту барысында жүзеге асыру қабілеті;

2.2. мамандарды даярлауда білім беру үдерісін жобалау мен жүзеге асыруда, педагогиканың әдіснамалық негіздері мен кәсіби педагогикалық қызметтің педагогикалық қатынас нормаларын меңгеруі;

2.3. жеке тұлғаның психикалық және психофизиологиялық ерекшеліктерін және жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтарын ескеру тәсілдерін, түрлі жастағы адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын реттеу ерекшеліктерін ескере білу қабілеті;

2.4. психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді *қолдану қабілеті*;

2.5. оқу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі туралы педагогикалық ұжыммен әңгіме жүргізуге қабілетті;

2.6. түрлі білім беру деңгейінде оқыту, тәрбиелеу және дамыту теорияларын және білім беру бағдарламаларын қолдануға қабілетті;

2.7. түрлі жастағы балалардың әрекетін, қарым-қатынасын, дамуын диагностикалау әдісін *пайдалануға қабілеті*;

2.8. балалардың түрлі іс-әрекетін *ұйымдастыра білу қабілеті*;

2.9. адамды нақты әлеуметтік-мәдени жағдайлардың нәтижесі, ал білім беруді мәдениеттің бөлінбейтін бөлігі ретінде түсінетін мәдени құндылықтарды қолдана білу қабілеті;

2.10. білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғаралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгеруі;

2.11. кәсіби қызметте іскер ағылшын тілін қолдануға қабілеті;

2.12. мамандарды даярлауда білім беру үдерісін жүзеге асыру мен жобалауда кәсіптік педагогикалық қызметтің, психологиялық және педагогикалық коммуникация негіздерінің нормаларын меңгеруі;

2.13. кәсіби қызметте білім беру кеңістігі мен әлеуметтік ортаның қауіптілігін ескере отырып, денсаулық сақтау технологияларын меңгеруі;

2.14. ұлтаралық және тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыруда білім беру үдерісіне қатысушылардың этномәдени, этнопедагогикалық және конфессионалды ерекшеліктерін ескеру қабілеті;

2.15. мәдени-ағартушылық жұмыстарда пән саласындағы білімді және нормативті құжаттарды қолдануға қабілеті;

2.16. мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, кәсіптік этика қағидаларын сақтайды;

2.17. аймақтық ерекшеліктерді және әлеуметтік-мәдени құрылымның ерекшеліктерін ескере отырып, полимәдени ортада кәсіптік қызметті ұйымдастырудың әдістерін меңгеруі;

2.18. кәсіптік міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және ведомствоаралық қарым-қатынасқа қатысуға қабілеті;

2.19. кәсіптік қызметте бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды қолдануға қабілеті;

2.20. сыртқы қолайсыз әсерлерден қорғану ережелері мен еңбекті қорғау, гигиена талаптарына сәйкес салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі тануға қабілеті;

2.21. дінтану, жеке және әлеуметтік табыс акмеологиясы негіздері бойынша білімді меңгеруі;

3. Пәндік құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

3.1. білім беру үдерісінде мамандарды даярлау нәтижелелерін бақылаудың формаларын, әдістері мен құралдарын жобалауға даяр;

3.2. мамандарды оқыту әдістері мен жеке тұлғаға-бағдарланған технологияларды қолдануға және жобалауға қабілеті;

3.3. технология бойынша (лабораториялық, демонстрациялық, компьютерлік) бақылау жүргізу мен ұйымдастыру дағдыларын қолдануға қабілеті;

3.4. кәсіби қызметті жүзеге асыруға ынтасы бар, өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын сезінеді,;

3.5. оқу шеберханаларындағы технологиялық үдерісті бақылау мен оқу-өндірістік қызметті ұйымдастыруға қабілетті;

3.6. мамандарды даярлауда интербелсенді, тиімді технологияларды қолдану арқылы білім беру үдерісін ұйымдастыруға даяр;

3.7. оқу үдерісінде озық салалық технологияларды қолдануға қабілетті, сонымен қатар сәйкес біліктілік деңгейінің материалдарын өңдеу бойынша жұмыстарды атқарады;

3.8. кәсіптік педагогикалық қызметте жаратылыстану-ғылыми пәндерінің негізгі заңдарын қолдануға даяр;

3.9. оқу-технологиялық ортаны техникалық қамтамасыз ету мен пайдалану және конструкциялауға, сонымен қатар кәсіптік педагогикалық қызметте технологияларды қолдану мен түзетуге даяр.

3.2 5B012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша оқу жоспары

Оқыту мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B012000 – Кәсіптік оқыту

мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
---	-----------------------	------	---------

ЖБПМ1	Жалпы білім беру пәндері модулі	24	
МПК1.1	Міндетті пәндер компоненті	24	
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс) тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі-В1	4	1
1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3
ЭПК1.2	Элективті пәндер компоненті		
КПМ 2	Кәсіби пәндер модулі	60	
МПК2.1	Міндетті пәндер компоненті	60	
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Психология	5	2
2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Педагогикалық риторика	3	3
2.1.05	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.08	Шетел тілі-В2	5	2
2.1.09	Практика 1	6	4
2.1.10	Практика 2	9	6
2.1.11	Практика 3	15	8
ЭПК2.2	Элективті пәндер компоненті		
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі	144	
МПК3.1	Міндетті пәндер компоненті	81	
3.1.01	Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі	6	3
3.1.02	Материалдарды өңдеу технологиясы	7	1
3.1.03	Машинатану теориясының негіздері	5	2
3.1.04	Кәсіби педагогика	5	5
3.1.05	Электротехника, электроника және автоматика негіздері (ETRAN)	6	4
3.1.06	Оқушыларды кәсіпке даярлау жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары	4	5

3.1.07	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	3
3.1.08	Бұйымды моделдеу және конструкторлау	5	4
3.1.09	Оқушылардың беіндік оқуын ұйымдастыру негіздері	6	6
3.1.10	Кәсіптік оқытуда сабақты дайындау және сыныптан тыс жұмыстар	5	7
3.1.11	Салалық материалтану және конструкциялық материалдар технологиясы	4	1
3.1.12	Технологиялар мен жабдықтар	6	3
3.1.13	Кәсіби педагогикада ғылыми зерттеу негіздері	6	6
3.1.14	Сызу және сызба геометрия	5	2
3.1.15	Кәсіптік оқыту әдістемесі.	5	5
3.1.16	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	5
ЭІПК3.2	Элективті пәндер компоненті (ҚР жоғары оқу орнының профилі бойынша)	63	
	Дипломдық жұмыс	12	
	ECTS кредиттер барлығы	240	
	Оқытудың қосымша түрлері		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік ел	3	3

5В012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығының негізгі құрамында жүзеге асырылатын аймақтың, қоршаған ортаның өндірістік профиліне байланысты жоғары оқу орнының таңдауына ұсынылатын мамандану түрлеріне байланысты біліктілігінің тізімі:

1. Мамандануы - Техникалық еңбек технологиясы және кәсіпкерлік.

Біліктілігі – технология және кәсіпкерлік пәні мұғалімі.

2. Мамандануы - Өндірістік кәсіпорын (сала бойынша)

Біліктілігі – Кәсіптік оқыту педагогы.

- Машина жасау өндірісі;
- Metallургиялық өндіріс;
- Құрылыс;
- Газ-мұнай өндірісі;
- Химиялық және мұнай қайта өңдейтін өндіріс;
- Тау-кен өндірісі;
- Тоқыма және тігін өндірісі;
- Былғары және аяқ киім өндірісі;

- Ағаш өңдеу және жиһаз өндірісі;
- Тамақ өнімдерінің өндірісі;
- Өнеркәсіп өндірісі және қоршаған ортаны қорғау;

3. Мамандануы - Ауылшаруашылық өндірісі.

Біліктілігі – Кәсіптік оқыту педагогы

- Ауылшаруашылық техникасы және агрономия;
- Мал шаруашылығы және егіншілік;
- Ауылшаруашылығы өндірісін механикаландыру және автоматтандыру;
- Ветеринария;
- Орман шаруашылығы жұмыстары.

4. Мамандануы – Қызмет көрсету өндірісі.

Біліктілігі - Кәсіптік оқыту оқытушысы

- Тұрмыстық шаруашылыққа қызмет көрсету және сервис;
- Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру;
- Автокөлік құралдарын тұтыну және жөндеу;
- Тігін бұйымдарын конструкциялау және модельдеу;
- Байланыс және телекоммуникация;
- Ақпараттық технологиялар;
- Электротехника және радиоэлектроника.

5. Мамандануы – Сәндік-қолданбалы және көркем өнеркәсібі.

Біліктілігі - Кәсіптік оқыту педагогы

6. Мамандануы – Киім дизайны

Біліктілігі - Кәсіптік оқыту педагогы.